

Бұрынғы КСР Одағы Республикаларының ақша өлшемдерінің бағамын қолданысқа енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісінің қаулысы 1993 жылғы 15 шілде N 611/1001

Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының басқа да республикаларының шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы есептесулерді тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілері шарттар жасасқанда және сауда мәмілелерін жүргізгенде бұрын КСРО-ға кірген әрбір республикада өздерінің есепті сомдары мен ұлттық валютасының қолданылатындығын, сондай-ақ олардың есепті "қазақстандық соммен" бағаланатын курсы ескеретін
б о л с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Валюта биржасының кезекті саудаластығында қалыптасқан есепті "қазақстандық сомның" курсы Ұлттық банк ресми курс ретінде бекітетін және жаңа курс жарияланғанға дейін мерзімді баспасөз бетінде жария етілген сәтінен бастап қолданылатын болып белгіленсін.

3. Ұлттық банкте бұрын КСРО-ге кірген республикалар валютасының Мемлекеттік р е з е р в қ о р ы қ ұ р ы л с ы н .

Республиканың шаруашылық жүргізуші субъектілерінің атына келіп түскен экспорт түсімінің кемінде 30 процентін Ұлттық банк осы аталған қорға түсіретін болып, сонымен бір мезгілде ол келіп түскен күні Ұлттық банк белгілеген ресми курсы бойынша есепті "қазақстандық сомдық" шоттарда оның тең баламасы көрсетілетін
б о л ы п б е л г і л е н с і н .

Мемлекеттік резерв қорынан шетел валютасын сатуды Валюта биржасы арқылы Ұлттық банк жүзеге асырады. Шетел валютасын сатып алу үшін республика төлемшілері коммерциялық банкке өтінім береді, ол жиынтық өтінімді кезекті саудаластыққа шығарады. Саудаластық нәтижелері бойынша сатылған шетел валютасы коммерциялық банктердің Ұлттық банктегі шоттарына түсіріледі. Коммерциялық банктер есепті "қазақстандық сомдардың" тиісті сомасын Ұлттық банктің шотына
а у д а р а д ы .

Сатып алынған шетел валютасы он жұмыс күні ішінде шетелдік өнім берушілермен контракттарды төлеуге пайдаланылуға тиіс. Бұл мерзім өткеннен кейін ол міндетті түрде ресми курсы бойынша Ұлттық банкке сатылады.

Есепті валютаны сатып алудың басымдық құқымен экспортқа өнім шығарушы -

шаруашылық жүргізуші субъектілер пайдаланады.

4. Осы қаулыны жүзеге асырудың әдістемелік және консультациялық қамтамасыз етілуін Ұлттық банк іске асырады.

5. Осы қаулы 1993 жылғы 15 шілдеден бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы
Премьер-министрі Ұлттық банкісі басқармасының
Төрағасы